

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты қызметінің ұйымдық мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 7 ақпан N 1545.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2000.12.25. N 132 Заңымен. ~
Z000132

Қазақстан Республикасы соттарының қызметін ұйымдастыру мәселелері жүктелген Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылуына байланысты және "Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына Z933600_ сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының сандық құрамын Қазақстан Республикасының Президенті анықтайды деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының құрылымы мен Штат санын Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының ұсынуы бойынша бекітеді.

2. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Төраға, Төрағаның бірінші орынбасары мен орынбасары, Әскери алқаның төрағасы, Жоғарғы Соттың мүшелері және халық заседательдері құрамында жұмыс істейді. Төрағаның орынбасарлары азаматтық және қылмыстық істер жөніндегі сот алқаларын басқарады.

3. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының пленумы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы, Төрағаның орынбасарлары, Әскери алқаның төрағасы және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының мүшелері құрамында жұмыс істейді.

4. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төралқасы Төраға, Төрағаның орынбасарлары, Әскери алқаның төрағасы және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының мүшелері құрамында, Қазақстан Республикасының Президенті анықтайтын мөлшерде құрылады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төралқасының құрамын Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының ұсынуы бойынша бекітеді.

5. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жаңадан сайланған

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің карауына сот органдарының

қызметін реттейтін заңдарға тиісті өзгерістер мен толықтыруларды енгізетін болсын.

6. Осы Жарлықтың Заң күші бар және ол заңдарға тиісті өзгерістер мен толықтырулар қабылданғанға дейін қолданылады.

7. Жарлық жарияланған сәтінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Алматы қаласы. 1994 жылғы 7 ақпан
N 1545